

2018 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар нормативтері мен көлемдерін және өлшемшарттар мен талаптарын бекіту туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы әкімдігінің 2018 жылғы 25 қаңтардағы № 11 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 20 ақпанда № 3710 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 2018 жылғы 19 қазандағы № 192 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 19.10.2018 № 192 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен. Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бекітілсін:

1) 2018 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар нормативтері осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес;

2) 2018 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес;

3) жеке қосалқы шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсетуге қойылатын өлшемшарттар мен талаптар осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны ресми жариялауға жіберуді;

3) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы қаулыдан туындайтын басқа да шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М. Мұсаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Мырзахметов

Жамбыл облысы әкімдігінің
2018 жылғы "25" қаңтардағы
№ 11 қаулысына 1 қосымша

2018 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар нормативтері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге
Етті мал шаруашылығы			
1.	Асыл тұқымдық және селекциялық жұмыс жүргізу		
1.1	Тауарлы аналық бас		
1)	Базалық норматив	бас	10 000
	Қосымша норматив:		
2)	80%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	8 000
	60%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	6 000
1.2	Асыл тұқымды аналық бас		
1)	Базалық норматив	бас	10 000
	Қосымша норматив:		
2)	80%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	20 000
	70%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	15 000
2.	Асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу	бас	150 000
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы			
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу		
1.1	Асыл тұқымды аналық бас		
1)	Базалық норматив	бас	10 000
	Қосымша норматив		

2)	70%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	20 000
	60%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	15 000
2.	Асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу		
1)	отандық шаруашылықтардың асыл тұқымды ірі қара малы	бас	170 000
	импортталған асыл тұқымды ірі қара мал		
2)	Аустралия, АҚШ және Канада елдерінен	бас	225 000
	Еуропа және ТМД елдерінен	бас	150 000
3.	Сүт өндіру мен дайындаудың құнын арзандату		
1)	бағымдағы мал басы 400 бастан басталатын шаруашылық	килограмм	25
2)	бағымдағы мал басы 50 бастан басталатын шаруашылық	килограмм	15
3)	ауыл шаруашылығы кооперативтері	килограмм	10
Мал шаруашылығы			
1.	100 бастан бастап тірі салмақтағы бұқашықтарды бордақылау шығындарын арзандату		
1)	400-ден 450 килограмға дейін	бас	45 000
2)	451-ден 500 килограмға дейін	бас	60 000
3)	501-ден 550 килограмға дейін	бас	65 000
4)	551-ден 600 килограмға дейін және одан жоғары	бас	75 000
2.	Ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін бұқашықтарды бордақылау шығындарын арзандату	бас	20 000
3.	Жеке қосалқы шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	2816
4.	Қоғамдық және тауарлы табындарда етті, сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқаларын күтіп-бағу	бас	100 000
Етті құс шаруашылығы			
1.	Құс (бройлер) етін өндіру құнын арзандату		
1)	10000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	килограмм	70
2)	5000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	килограмм	60
3)	1000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	килограмм	50
Жұмыртқалы құс шаруашылығы			
1.	Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату		
	20 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	дана	2
2.	Бөдене жұмыртқаларын өндіру құнын арзандату	дана	8
Шошқа шаруашылығы			
1.	Шошқа етін өндіру құнын арзандату		
1)	нақты бордақыланғаны 3 000 бастан бастап	килограмм	100
2)	нақты бордақыланғаны 2 000 бастан бастап	килограмм	85
3)	нақты бордақыланғаны 1 000 бастан бастап	килограмм	70
4)	нақты бордақыланғаны 500 бастан бастап	килограмм	55
Қой шаруашылығы			
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу		
1)	асыл тұқымды қойлардың аналық басы	бас	2 500

2)	тауарлы қойлардың аналық басы	бас	1 500
2.	Асыл тұқымды қойлар сатып алу		
1)	тұсақтар	бас	8 000
2)	тұқымдық қошқарлар	бас	20 000
3.	Қозы етін өндіру құнын арзандату	бас	1 500
4.	Қайта өңдеуге өткізілген биязы және жартылай биязы жүн өндіру құнын арзандату		
1)	сапасы 60-тан басталатын жүн	килограмм	150
2)	сапасы 50-ден басталатын жүн	килограмм	100
Жылқы шаруашылығы			
1.	Асыл тұқымды айғырлар сатып алу	бас	100 000
2.	Асыл тұқымды аналық бас сатып алу	бас	40 000
3.	Бие сүтін өндіру және қайта өңдеу құнын арзандату, оның ішінде ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін	килограмм	80
4.	Жылқы етін өндіру құнын арзандату	килограмм	100
Балара шаруашылығы			
1.	Балара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	балара ұясы	4110
Азық өндіру			
1.	Мал шаруашылығы өнімін өндірумен айналысатын ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін құрамажем зауыттары өткізген құрамажем құнын арзандату	тонна	20 000

Жамбыл облысы әкімдігінің
2018 жылғы "25" қаңтардағы
№ 11 қаулысына 2 қосымша

2018 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

Ескерту. 2 - қосымша жаңа редакцияда - Жамбыл облысы әкімдігінің 21.05.2018 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№	Субсидиялау бағыты	Субсидия көлемі, теңге
	Етті, етті-сүтті және сүтті мал шаруашылығы	
1.	Асыл тұқымдық және селекциялық жұмыс жүргізуге кеткен шығындарды арзандату (тауарлы және асыл тұқымды аналық бас)	535 372 000
2.	Отандық шаруашылықтардан және импортталған асыл тұқымды етті және сүтті бағыттағы ірі қара мал сатып алуға кеткен шығындарды арзандату	589 900 000
	Барлығы:	1 125 272 000
	Мал шаруашылығы	

1.	Жеке қосалқы шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру шығындарын арзандату	50 768 000
2.	Қоғамдық және тауарлы табындарда етті, сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқаларын күтіп-бағу шығындарын арзандату	50 000 000
	Барлығы:	100 768 000
	Қой шаруашылығы	
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізуге кеткен шығындарды арзандату	524 598 000
2.	Асыл тұқымды қой сатып алуға кеткен шығындарды арзандату	272 060 000
	Барлығы:	796 658 000
	Жылқы шаруашылығы	
1.	Асыл тұқымды жылқы сатып алуға кеткен шығындарды арзандату	15 000 000
	Барлығы:	15 000 000
	Бал ара шаруашылығы	
1.	Балара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізуге кеткен шығындарды арзандату	10 000 000
	Барлығы:	10 000 000
	Етті мал шаруашылығы	
1.	100 бастан бастап, бұқашықтарды бордақылау шығындарын арзандату	863 685 000
2.	Ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін бұқашықтарды бордақылау шығындарын арзандату	60 000 000
	Барлығы:	923 685 000
	Сүтті мал шаруашылығы:	
1.	Сүт өндіру мен дайындаудың құнын арзандату (бағымдағы мал басы 400 және 50 бастан басталатын шаруашылықтар)	97 000 000
2.	Ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін сүт өндіру мен дайындаудың құнын арзандату	60 000 000
	Барлығы:	157 000 000
	Етті құс шаруашылығы:	
1.	Құс (бройлер) етін өндіру құнын арзандату	100 000 000
	Барлығы:	100 000 000
	Жұмыртқалы құс шаруашылығы:	
1.	Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату	50 017 000
2.	Бөдене жұмыртқаларын өндіру құнын арзандату	1 600 000
	Барлығы:	51 617 000
	Шошқа шаруашылығы:	
1.	Шошқа етін өндіру құнын арзандату	45 000 000
	Барлығы:	45 000 000
	Қой шаруашылығы:	
1.	Қозы етін өндіру құнын арзандату	80 000 000
2.	Қайта өңдеуге өткізілген биязы және жартылай биязы жүн өндіру құнын арзандату	40 000 000
	Барлығы:	120 000 000
	Жылқы шаруашылығы:	
1.	Бие сүтін өндіру және қайта өңдеу құнын арзандату	10 000 000
2.	Жылқы етін өндіру құнын арзандату	20 000 000

	Барлығы:	30 000 000
	Азық өндіру:	
1.	Мал шаруашылығы өнімдерін өндірумен айналысатын ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін құрама жем зауыттары өткізген құрама жем құнын арзандату	25 000 000
	Барлығы:	25 000 000
	Жиыны:	3 500 000 000

Жамбыл облысы әкімдігінің
2018 жылғы "25" қаңтардағы
№ 11 қаулысына 3 қосымша

Жеке қосалқы шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсетуге қойылатын өлшемшарттар мен талаптар

1. Асыл тұқымдық немесе дистрибьютерлік орталықтардың құзырлы органдарда тіркелуі;

2. Ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру үшін пайдаланатын арнайы технологиялық жабдықтардың болуы.